

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2018 ж. « 26 » ақпан

9 90 74 000 75 32

(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)



Ақмола облысы әкімдігінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ А-2/70 қаулысымен
бекітілді

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы
«№1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2018 ж. « 26 » ақпан

Күелік № 54 - 1902 - С1 - МК

1. Жалпы ережелері

1. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (бұдан әрі – Кәсіпорын) ұйымдастыру-құқықтық нысандағы мемлекеттік кәсіпорын заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Ақмола облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № А-7/297 қаулысына сәйкес құрылған.
3. Кәсіпорын құрылтайшысы Ақмола облыстық әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлікке қатысты мемлекеттік коммуналдық жекеменшік құқығын Ақмола облыстық әкімдігі жүзеге асырады (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).
5. Кәсіпорынды басқаруды іске асыратын орган «Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті орган).
6. Кәсіпорынның толық атауы: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М.Горький көшесі, 13 А.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.
9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар мемлекеттік және орыс тілдерінде бланкілері, мөрі және басқа реквизиттері болады.
10. Мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің нысаны денсаулық сақтау саласында қызмет атқару болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: ауруды зерттеу, емдеу және алдын алуға, сонымен қатар тұрғындарың жалпы аурушаңдығын азайтуға ұсынылып бағытталған қызметтердің жоғары сапасы.

14. Қойылған мақсаттарды жүзеге асару үшін Кәсіпорын амбулаторлық жағдайда қалалық және ауылдық тұрғындарға алғашқы медициналық-санитарлық, дәрігерге дейінгі білікті, мамандандырылған көмекті іске асырады, күндізгі стационарда және үй жағдайында келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

1) онкология, отбасылық дәрігер, жалпы терапия, акушерлік және гинекология, медициналық сауықтыру, физиотерапия, дермотокосметология, сылап-сипау, емдік денешынықтыру, стоматология, сылап-сипау, неврология, жұқпалық аурулар, педиатрия, оториноларингология, офтальмология, физиотерапия, жалпы хирургия, гастроэнтерология, аллергология, кардиология, ревматология, травматология және ортопедия, емдік денешынықтыру, гинекология, эндокринология, урология, проктология, гематология, терапевт (диетолог), тамырлы хирургия, пульмонология, урология, андрология, неврология, мамология мамандығы бойынша ересек тұғындар үшін кеңестік диагностикалық көмек көрсету ;

2) зертханалық диагностика, жалпы клиникалық зерттеулер, биохимиялық талдау, гематологиялық талдау, цитологиялық зерттеу, ИФА зерттеу, функционалды диагностика, ультрадыбыстық диагностика;

3) диагностика: зертханалық (жалпы клиникалық зерттеулер), ультрадыбыстық диагностика, рентгенологиялық диагностика, эндоскопиялық диагностика;

4) медициналық реабилитология: физиотерапия, сылап-сипау, емдік денешынықтыру;

5) педиатрия, терапия, хирургия, травматология, проктология, гинекология, урология мамандықтары бойынша тұрғындарға стационарлы аустыру медициналық көмегін көрсетеді, пациенттерді уақытында ауруханаға жатқызу, қажет кезде емханада және үй жағдайында балалар тұғындарына күндізгі стационарды ұйымдастыру;

- 6) санитарлы-гигиеналық және эпидемияларға қарсы медициналық іскерліктер: тұғындарды гигиена сақтауға баулу;
- 7) мүгедектіктері бар балаларды медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияға жолдау, сараптамалық медициналық қызмет, уақытша кабілетсіздік сараптамасы;
- 8) иондық сәулелендіру көздерімен жұмыс жасау: рентгенді-диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін медициналық рентген аппараттрымен жұмыс істеу;
- 9) наркологиялық сараптама;
- 10) дәстүрлі медицина-гирудотерапия; инемен емдеу рефлексотерапиясы;
- 11) дәстүрлі емес медициналық көмек-физиотерапия және табиғи емдеу құралдары, мануалды терапия;
- 12) жарақат, улану және т.б. төтенше жағдайларға тап болған наукастарға алғашқы медициналық көмек көрсету;
- 13) жүкті әйелдерді уақытылы есепке қойып, қадағалау ;
- 14) рецептілер жазу, оның ішінде тегін (жеңілдікпен) дәрілік қамтамасыз ету;
- 15) санаторлы-курорттық емдеулерде, сондай-ақ, стационарларда ем қабылдау үшін мамандардан жолдама алу;
- 16) фармацевтік іскерлік, дәріханалардың ашылуы, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша дәрілік заттарды тегін тарату;
- 17) иммундық алдын алуды ұйымдастыру және өткізу;
- 18) түрлі қауіпті аурулардың жасырың және ерте сатыдарғы түрлерін бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру;
- 19) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызмет түрлерін көрсету;
- 20) уақытылы және толық тексеру жүргізу, емдеу мен оналтуға байланысты ұсыныстар беру;
- 21) балалар тұрғындарын ғиғиеналық тәрбиеге баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 22) ересектер мен балалар тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерінің талдауын зерттеу;
- 23) белгіленген тәртіптер балаларды диспансерлеу және аурудың алдын алу үшін тексерістер ұйымдастыру;
- 24) репродуктивті денсаулықты қорғау және отбасын жоспарлауға қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 25) ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес эпидемияларға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру: жұқпалы және паразиттік ауруларға қатысты вакцина жасау;
- 26) жұқпалы аурумен ауырғандарды анықтау, жұқпалы аурулы наукастармен және де реконвалесценттермен байланыста болған адамдарды

информациялық қадағалау Көкшетау қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына хабарлау;

27) салауатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік маңызы бар аурулардың, соның ішінде мінез-қатер аурулардың дамуына әкелетін факторларды алдын алу мақсатты бағдарламаларды енгізу және жетілдіруге қатысу;

28) денсаулық сақтау және әлеуметтік саласындағы алдын алу бағдарламалардың енгізуін бағалау және мониторингін өткізуге қатысу;

29) салауатты өмір салты технологиясын тарату және енгізу, халық арасында интерактивтік технологияларды пайдаланып оқыту тренингтерін өткізу, соның ішінде білім беру, медициналық және басқа ұйымдардың, қалықтың осал топтары арасында салауатты өмір салтының қағидаттарын енгізу және қалыптасыру;

30) халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жаппай спорттық және мәдени іс-шараларды өткізу және ұйымдастыру;

31) салауатты өмір салтын қалыптастыру және әлеуметтік денсаулық мәселелері бойынша ұйымдармен, соның ішінде халықаралық ұйымдармен, еңбек іс-қимыл және ынтымақтастық;

32) азаматтардың денсаулығын нығайту және аурулардың алдын алу мақсатында кеңес, хабарландыру қызметтерін көрсету (ақпараттық ресурстар мен ақпарат базаларын құру және пайдалану);

33) денсаулықты нығайту және сақтау мәселесі бойынша ақпараттық білім беру құралдарын әзірлеу және игеру, соның ішінде медициналық ғылыми және практикалық денсаулық сақтаудың заманауи жетістіктерін насихаттау мақсатында мерзімдік басылымдар, ақпараттық парақтар, оқу құралдары, жүйелілік ұсыныстар, еңбек жинақтары, монографиялар, ғылыми жұмыстарды басып шығару;

34) салауатты өмір салтын қалыптасыру саласында ақпараттық білім беру құралдарын (баспа, аудиовизуалды өнім), мемлекеттік емес ұйымдардың қызметтерінің сараптамаcына қатысу;

35) халықтың декретивті тобына оқыту жүргізу және медициналық газетті шығару;

36) аудандарда салауатты өмір салтын насихаттауды үйлестіру;

37) кәсіпорын балансындағы тұрғын үй-жайды жалға беру;

38) кәсіпорынның тек лицензияланған іскерліктер түрін жүзеге асырады;

39) кәсіпорынның дәрігерлер мен медбикелер үшін машықтандыратын оқу бағамы болып табылуы мүмкін.

40) мемлекеттік қызметтерді көрсету.

15. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметтер мен мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе қорықтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы

оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқару органының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және тәртіптік пен материалдық жауапкершілікке әкеледі

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

4) кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, залға атуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

б) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді

4) кәсіпорын мүлкін сақтауға және пайдалануға бақылауды жүзеге асырады;

5) кәсіпорын мүлкінің есепті ұйымдастырып, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

б) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның органы оның басшысы, сондай-ақ бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімделеді.

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген шарттардан басқа бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорын басшысы қаржылық-шаруашылық қызмет үшін және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорын басшысы кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ұйымдастыру үшін дербес жауапты болады.

25. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Басшы:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде кәсіпорын мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және басқа мәмілелерді жасайды;

4) сенімхаттарды береді;

5) банктік шоттарды ашады;

6) Кәсіпорын барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулық береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) белгіленген еңбек ақы төлеу қоры шегінде еңбекке ақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, Кәсіпорын қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары және бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорын өкілдіктері мен филиалдарының директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді (болған жағдайда);

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады;

14) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылауын қадағалайды.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынға қойылатын критерийлерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сонымен бірге байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

29. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

30. Байқау кеңесінің өкілеттігі:

1) Кәсіпорын даму жоспарының жобасы және оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша мемлекеттік басқару органына қорытынды ұсынады;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келіседі, алдын ала Кәсіпорынның жылдық қаржы есептемесін бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерінен алынған қаражатты, сонымен бірге Кәсіпорынның билігінде қалған таза табыс бөлігін бөлу жөнінде шешім қабылдайды;

4) бюджет және қосымша көздерінен алынған қаражатты мақсатты пайдалануды қадағалау үшін Кәсіпорын және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражатты мақсатты пайдаланудың тексерілуін жүзеге асыру үшін мемлекеттік басқару органына ұсыныстарды енгізеді;

5) Кәсіпорын басшысы тағайындау және еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шарт әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің, кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және еңбек ақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) мемлекеттік басқару органына Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) кәсіпорын қызметінің басым бағыты бойынша ұсыныстар енгізеді;

31. Кәсіпорын байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша кәсіпорын құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруі тиіс.

32. Кәсіпорын байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, сондай-ақ тоқсанда бер реттен кем емес.

1) байқау кеңесі туралы Ережені, Байқау кеңесінің отырыстарын өткізу және шақыру тәртібін мемлекеттік басқару органы бекітеді;

2) Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын байқау кеңесінің барлық мүшелері, оның өтетін уақыты мен орны туралы хабар беріп, отырысқа мемлекеттік кәсіпорын байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорын байқау кеңесі бір мүшесінің дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруге болмайды;

3) Кәсіпорын байқау кеңесінің әр мүшесінде бір дауыс бар. Дауыстың тепе-теңдігі болған жағдайда Кәсіпорын байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

4) байқау кеңесінің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

5) байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдағанда Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырады. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдағанда жеке мүддесін көздеуге, сонымен бірге шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін пайдалануға тыйым салынады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

33. Кәсіпорын мүлкі құны мен теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

34. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар бойынша (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлары), оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

35. Кәсіпорын мүлкі :

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорын жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

37. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

39. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

40. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

41. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 42, 43 тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

42. Осы Жарғының 41 тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтаудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі жергілікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға немесе оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

44. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган кәсіпорынға не өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

45. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның заңмен келісімімен тиісті саланың уәкілетті органның ұсынымы бойынша:

1) филиалдар мен өкілдіктерді құруға;

2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік және кепілдік беруге;

3) қарыздарды беруге құқылы.

46. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

47. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 45, 46 тармақтарында көрсетілген

мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшалай қаражатты Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

48. Кәсіпорын қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен белгіленген тәртіппен, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа кірістер, алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырады.

Кәсіпорын даму жоспарларын әзірлеу мен бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындалады.

49. Кәсіпорын таза табысының бөлігін аудару нормативі жергілікті атқарушы органы белгілейді.

Кәсіпорын таза табысының бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі айқындалған тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табыс бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешікпейді.

50. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

51. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландыратын жұмыстар (қызметтер) көлемінің шеңберінде өндірілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған Кәсіпорынның Жарғысында қарастырылмаған қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен қаралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлкті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталса, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

53. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 592 274 000 (бір миллиард бес жүз тоқсан екі миллион екі жүз жетпіс төрт мың) теңге.

Меншік иесі Жарғылық капиталды Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есеп жүргізуі мен есептілігі

54. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) келісімі бойынша халықаралық стандарттарына (шаруашылық жүргізу құқығындағы) және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

56. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) бастамасы бойынша (Білім беру және денсаулық сақтау салаларында шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын жарғысында байқау кеңесін құрған жағдайда көрсетіледі) Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

57. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

58. Шаруашылық құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

59. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

60. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасын еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

61. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

62. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы беру жүйесін белгілеген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес белгілейді.

63. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы беру жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

64. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

65. Кәсіпорынның қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

66. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

67. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган енгізеді.

Бас дәрігер:

Ильясов Сүлен Женисович

Т.А.Ө.



қолтанбасы



Утвержден
Постановлением
акимата Акмолинской области
от 12 февраля 2018 года
№ А-2/70

УСТАВ

Государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №1» при управлении здравоохранения Акмолинской области

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №1» при управлении здравоохранения Акмолинской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Акмолинской области от 15 июня 2016 года № А-7/297.

3. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат Акмолинской области (далее – местный исполнительный орган).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является управление здравоохранения Акмолинской области (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №1» при управлении здравоохранения Акмолинской области.

7. Место нахождения Предприятия: индекс 020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Кокшетау, улица М.Горького 13 А.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Коммунальное предприятие может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица с согласия местного исполнительного органа.

Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является деятельность в области здравоохранения.

13. Целью деятельности Предприятия являются: высокое качество предоставляемых услуг, направленных на диагностику, лечение и профилактику заболеваний, а также снижение общей заболеваемости населения.

